

"Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің білім басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің "Шал ақын ауданының білім болімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің "Кәкімбек Салықов атындағы орта мектеп" коммуналдық мемлекеттік мекемесі

11.09.2023ж.

Сергеевка қаласы

Ата-аналарды педагогикалық қолдау бойынша нұсқаулықпен таныстыру мақсатында өткізілген жиналыс

Хаттама №1

Катысқандар:

- 1.Мектеп директоры: А.Уаисова
- 2.Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары: А.Абильдина
- 3.Мектеп психологы: Т.Күшугулова
- 4.Әлеуметтік педагог: И.Шайкенова
- 5.Сынып жетекшілер-22
- 6.Ата-аналар-18

Төрағасы: А.К.Уаисова – мектеп директоры

Хатшы: А.С.Абильдина – директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары

Күн тәртібінде:

- 1.Ата-аналарды білім беру үйымдарында педагогикалық қолдау бойынша нұсқаулықпен таныстыру.
/ А.С.Абильдина - директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары/
- 2.Ата-аналарды педагогикалық қолдау аясында «Даналық мектебін» құру туралы.
/ А.С.Абильдина - директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары/
- 3.Сауалнама алу. /Т.К.Күшугулова-педагог-психолог/

Тындалды:А.К.Уаисова – мектеп директоры

Алғашқы сөзді мектеп директоры А.Уаисова алып, бүгінгі жиналыста қаралатын мәселелермен таныстырып өтті. Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығын үйымдастыру туралы бұйрық шығарылғандығын және оны үйымдастыру мен басшылық жасау директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары А.Абильдина бекітілгендейтін айтты.

Тындалды:Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары А.Абильдина сөз алды.

Биылғы 2023-2024 оқу жылында Біртұтас тәрбие бағдарламасын жүзеге асыру барысында «Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы» қызметі мектеп пен отбасының өзара әрекеттесуі, балаларды оқыту және тәрбиелеу мәселесі бойынша

Мектептің ата-аналармен қарым-қатынасын күшету, сондай-ақ берекелі отбасы мәдениетін дамыту мақсатында құрылыштың отыр.

Адамның үйлесімді дамуы үлттық институтының ғылыми-әдістемелік кеңесі ұсынған Орта білім беру ұйымдарындағы балаларды тәрбиелеу мен дамыту жөніндегі ата-аналарға педагогикалық қолдау бойынша әдістемелік ұсынымдар басшылыққа алынады.

«Әділетті Қазақстан: сапалы білім, адаптациялық табысты үлт» педагог қызметкерлердің бірыңғай республикалық тамыз кеңесінің ұсынысының 18 тармағының 2 тармақшасында «Ата-аналарды педагогикалық қолдау» орталығының ата-аналармен және жергілікті мемлекеттік орган өкілдерімен педагогикалық-психологиялық жұмыстарды жандандыру көрсетілген.

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі Адамның үйлесімді дамуының үлттық институтымен келісе отырып, биылғы жаңа оқу жылынан бастап Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығының жұмысын жалпы білім беретін мектептер арқылы жолға қою. Баланың бас ұстазы саналатын ата-аналардың педагогикалық мәдениетін көтеру – заман талабы.

Осы орайда ата-аналарға психологиялық-педагогикалық білім беру, кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтар мен қылмыстардың алдын алу, салауатты өмір салтын насиҳаттау, ата-аналардың құқықтық білімін жетілдіру, ата-аналарды оқу-тәрбие процесіне тарту мақсатында жүйелі жұмыс жоспары жасалып, бекітілді. Осы жоспар бойынша алдағы уақытта сіздермен тығыз жұмыс жасайтын боламыз.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары А.Абильдина сөз алды.

Біртұтас тәрбие бағдарламасын жүзеге асыру барысында «Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы» қызметін жүзеге асыру аясында «Даналық мектебі» құрылуды қажет. Бізде бұған дейін «Әкелер мектебі», «Аналар мектебі» құрылыш өз жұмыстарын атқарып келді. Енді биылғы ӘНХ ерекшеліктерінде, Адамның үйлесімді дамуы үлттық институтының ғылыми-әдістемелік кеңесі ұсынған Орта білім беру ұйымдарындағы балаларды тәрбиелеу мен дамыту жөніндегі ата-аналарға педагогикалық қолдау бойынша әдістемелік ұсынымдар басшылыққа алынып жұмыстар жүргіземіз.

«Даналық мектебі» клубының қызметі білім беру ұйымының позитивті ата-ана мәдениетін қалыптастыру және дамыту жөніндегі жұмысының ажырамас бөлігі болып табылады. Клуб – бұл жұмыстың ең қолайлы формасы, өйткені ол қатысуышылардың тенденцияларынан жұмысты қамтамасыз етеді және ата-аналар үшін даму ортасын құрудары әлеуметтік тәсілдің артықшылықтарын барынша толық жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Өзінің қызмет форматына сәйкес «Даналық мектебі» клубы білім беру ұйымының нақты қажеттіліктерін және ата-аналар қоғамы өкілдерінің өскелен үрпақты тәрбиелеуде халықтың үлттық құндылықтары мен педагогикалық дәстүрлерін қолданудың он тәжірибесімен бөлісуге дайындығын ескере отырып, ерікті негізде құрылады.

«Даналық мектебі» клубының қызметінің басым бағыты ата-аналар қауымымен жұмыс болып табылады. Клуб мектептің нақты сұраныстары мен талаптарына сәйкес «Ата өсietі», «Әже даналығы», «Аға қаморлығы», «Женге кеңесі» секцияларын

Дүйнің көптеген мемлекеттерінде қазақстандық этнопедагогиканың тәрбиелік әлеуетін өзектендіруге арналған.


Эрбір қызмет бағытының орасан зор педагогикалық әлеуетін ескере отырып, әрбір білім беру үйімінде клубтың барлық 4 секциясын ашу ұсынылады: «Ата өсінеті», «Әже даналығы», «Аға қаморлығы», «Женге кеңесі». «Даналық мектебі» клубы, ата-аналар оқулары, конференциялар, ашық есік күндері, ата-аналар апталығы, ата-аналар мен балалардың қатысуымен мәдени іс-шаралар, мысалы, концерттер, театр қойылымдары, марафондар, жәрменкелер, көрмелер, жорықтар, экскурсиялар және басқа да іс-шаралар мен акциялар.

Күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша мектептің педагог-психологы Т.К.Күшугулова ата-аналардан, мектепте ашылып отырған ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығына деген ұсыныс тақырыптарын білу мен қажеттіліктерін ескеру мақсатында сауалнама алды. Бұл орталықтың ашылтуы ата-аналар мен мектептің байланысуына және бала тәрбиесіне ықпалын тигізеді деп сенетінгіні айтып, ата-аналарды алдағы уақытта түгел атсалысып қатысуға шакырды.

Қабылданған қаулы:

- 1.Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы ашылып, жұмыстары нұсқаулыққа сәйкес жүргізілсін, ата-аналарға нұсқаулық таныстырылсын.
 - 2.Ата-аналарды педагогикалық қолдау аясында «Даналық мектебі» жұмысы жандандырылсын.
 - 3.Аата-аналардың педагогикалық қолдау бойынша саулнама қорытындысымен ата-аналардың қажеттілігі зерделенсін, жоспарға алынсын.

Төрағасы: А.К.Уаисова

Хатшы:  А.С.Абильдина